

Жобаның аты: «Алматы қаласының маңында ілбісті сақтау мәселелері»

Ілбіс немесе қар барысы (*Panthera uncia*) – Орталық Азия биік тауларының эндемигі, трофтық пирамиданың шыңында орналасып, ол биік тау экожүйелері күйінің индикаторы қызметін атқарады. Қазақстанда ілбіс мемлекеттік символдардың бірі болып табылады және оның үлкен әлеуметтік және мәдени маңызы бар.

Іле Алатауының солтүстік бөктерінде, атап айтқанда, Кіші және Үлкен Алматы өзендері алаптары ілбістің тіршілік етуіне өте жарамды жер болып табылады. Өткенде жыртқыштың өзі мен оның іздерін жергілікті тұрғындардың және зоолог мамандардың жиі кездестіруі осының дәлелі. Алайда, соңғы жылдардағы зерттеулер ілбіс аталған шатқалдарда тіршілік етпейді, оның бұл жерлерге анда-санда келуі ғана байқалады, яғни, ілбіс Алматы қаласы маңындағы әдеттегі жануар түрі болудан қалған.

Іле Алатауының көп бөлігі күшті күзеті бар Іле Алатау ұлттық бағы мен Алматы қорығы құрамына кіруіне қарамастан, жалпы Қазақстан үшін маңызы бар осы түрдің тіршілік ету жағдайы мәз емес. Халқының қарқынды өсуімен және инфрақұрылымның дамуымен байланысты Алматы қаласының жақын орналасуы мұның басты себебі екендігі анық. Сонымен бірге, Көкжайляу таушаңғы шипажайының жоспарланған құрылысы жағдайды одан әрі ұшықтырып, жабайы жануарлардың, өсімдіктердің және жалпы бүкіл экожүйенің тіршілік ету ортасына кері әсерін тигізеді. Бұл өз кезегінде солтүстік Тяньшаньның трансшекаралық экоаймағындағы ілбістің тұрақты өмір сүруіне де әсер етеді.

. Осындай экологиялық қатерді жою немесе барынша азайту үшін келешекте таулы экожүйелерді игерумен байланысты жобаларды осы жердегі жануарлар әлемінің барлық өкілдерінің, ең бірінші кезекте қар барысының экологиялық-биологиялық қажеттіліктерін есепке ала отырып жүзеге асыру қажет. Аймақтық деңгейде осындай экологиялық мәселелерді шешу еліміздің «Қазақстан-2050» стратегиясы» жаңа саяси бағытына сәйкес тәуелсіз Қазақстанның «Жасыл экономикаға» өтуін жүзеге асырудың жарқын үлгісі болып табылады.

Сирек жануарлардың популяциясын қорғау міндеттері сан қырлы және кері факторларды жою немесе азайту шаралар кешенін қамтиды. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жоспарланған жобаның негізгі мақсаты ілбісті сақтау ұсыныстарын әзірлеу үшін Алматы аймағында оның экологиясын жан-жақты зерттеуден тұрады.

Жобаны жүзеге асыру барысында антропогенді ықпалға ең қатты ұшырайтын Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің шатқалдарына көңіл бөлінеді. Ілбісті анықтау жұмыстарынан бөлек, осы түрдің орналасқан жерін анықтау, қауіп-қатер деңгейі мен негізгі өлшемдер: қоректену

объектілерінің болуы (саны мен сапа көрсеткіштері), басқа жыртқыш аңдармен түр аралық бәсекелестік, рекреациялық жүктеменің әсері (саяхатшылардың келуі), мал бағу, қаскөй аңшылық және т.б. бойынша тіршілік ету жағдайларын бағалау жоспарлануда.

Тәжірибелік тұрғыдан салыстыру үшін антропогенді жүктеменің түрлі дәрежесі мен ұқсас экологиялық жағдайлары бар басқа іргелес таулы шатқалдарда осыған ұқсас зерттеулер мен бақылаулар жүргізілмек. Оның ішінде қазіргі таңда ілбістің тұрақты топтары бар жерлерде де жасалады; мұнда жоғарыда аталған өлшемдер бойынша талдау да жүргізіледі. Ілбіс популяциясына әсер ететін факторларды талдау негізінде біз осы түрдің жоғалып кету қаупіне объективті баға беріп, қандай да бір аумақта оны азайту ұсыныстарын жасай аламыз.

. Ілбістің экологиясы, аумақтық және биотопиялық үлестіру, сондай-ақ, оның тіршілік етуінің басқа жағдайлары туралы нақты ғылыми түсінікке ие бола отырып, біз техногенді факторлардың ықпалымен табиғи орта өзгерістері аясында ілбістің тіршілік ету жерін азайту үрдісіне ықпал ете аламыз. Осы мәселелерді анықтау қар барысын қорғау мен оның тіршілік ету ортасының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Осы бағыттағы зерттеулердің өзектілігі мен басымдығы ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» стратегиясында, «Биологиялық алуан түрлілік конвенциясында» (1992), «Қоныс аударушы жануарларды сақтау конвенциясында» (1998) және «Қазақстан Республикасының Биологиялық алуан түрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану жөнінде іс-қимылдардың Ұлттық стратегиясы мен жоспарында» (1999), «Қазақстанда қар барысын сақтау стратегиясында» (2011)ғ «Қар барысы мен оның экожүйелерін сақтау жаһандық бағдарламасында» (2013), «2015-2020 жылдарға арналған Қазақстанда қар барысын зерттеу және сақтау жөнінде Ұлттық іс-қимылдар жоспарында» (2015) және басқаларында көрсетілген талаптарға жауап береді.

Зерттеу үшін тандап алынған аумақ шегінде ғылыми жоба 6 реттік кезеңге бөлінген:

I-II кезең – Үлкен Алматы өзенінің алабы (2016 ж.);

III-IV кезең – Кіші Алматы өзенінің алабы (2017 ж.);

V-VI Алматы қаласына іргелес жатқан басқа таулы шатқалдарды зерттеу (2018 ж.).

2016 жылы зерттеулердің алғашқы кезеңінде:

- қар барысының тіршілік ету жерін анықтау;
- кейбір тіршілік ету жерлерінде осы түрдің болу немесе болмау фактісін анықтау;

- зерттеудің екінші кезеңі үшін автоматты аңдау камераларын (фототұзақтарды) орнатуға арналған жерлерді (мониторинг алаңдарын) таңдау үшін Іле Алатауға (Үлкен Алматы өзенінің алабына) екі барлау сапары ұйымдастырылады.

Зоологиялық және экологиялық зерттеулердің әдістемелері бойынша жұмыстар атқарылады. Осы түрдің (кейбір жерлерде) болуы немесе болмауы фактілерін анықтау үшін ҚР БҒМ Зоология институтында бар бірнеше фототұзақтар да қолданылады.

Жобаның қаржы мүмкіндіктеріне байланысты келесі негізгі міндеттер (жоба аумағы аясында) орындалуы тиіс:

- зерттелетін аумақта, оның ішінде фототұзақтардың көмегімен (саны, аумақтық және биотоптық үлестіру) ілбіс популяциясының қазіргі жағдайын бағалау;

- зерттелетін аумақта қар барысының популяциясына кері әсерін тигізетін факторларды анықтау;

- ілбістің тіршілік ету жерлерінің қысқару, осы түрдің сақтап қалу қаупі мен талаптарын бағалау;

- зерттелген аумақта ілбісті сақтау ұсыныстарын әзірлеу.

2016 жылға жоба бойынша шығындар сметасы.

Жоба бойынша қаржыландыру зерттеушілердің еңбекақысын, салық алымдарын, іссапар шығындарын (оның ішінде жүргізушіге) және ЖЖМ сатып алу, фототұзақтар мен оның керекжарақтарын сатып алуды қарастырады.

№	Шығыс баптары	Барлығы, теңге
1	Зерттеушілер тобына жұмсалатын шығыс	3 250 000
2	Әлеуметтік салық және аударымдар	357 500
3	Іссапар шығысы және ЖЖМ	950 000
4	Жүкқұжат шығысы	650 000
5	Материалдар мен жабдық	1 292 500
Барлығы		6 500 000

Зерттеудің I кезеңіне арналған шығыстар (1 500 000 теңге)

№	Шығыс баптары	Барлығы, теңге
1	Зерттеушілер тобына жұмсалатын шығыс	750 000
2	Әлеуметтік салық және аударымдар	82 500

3	Иссапар шығысы және ЖЖМ	500 000
4	Жүкқұжат шығысы	75 000
5	Материалдар мен жабдық	92 500
Барлығы		1 500 000